

## **КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ СЦЕНАРИЙІ**

**Тақырыбы:** Оқушыларға кәсіби бағдар беру – болашаққа бағыт

**Мақсаты:** Оқушыларға мамандық таңдауда бағыт беру, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға көмектесу

**Қатысушылар:** Мектеп директоры ДТДЖО Сынып жетекшілер Психолог Ата-аналар 9-11 сынып оқушылары

### **I. Кіріспе бөлім**

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті әріптестер, ата-аналар және оқушылар! Бүгінгі «Кәсіптік бағдар беру кеңесінің» отырысына қош келдіңіздер! Бұл жиынның басты мақсаты – оқушыларға болашақ мамандық таңдауда дұрыс бағыт беру.

### **II. Негізгі бөлім**

Мектеп директорының сөзі .Оқушылардың болашағы – ел болашағы екені

Дұрыс мамандық таңдаудың маңызы психологтың баяндамасы

Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттері Кәсіби бейімділікті анықтау тәсілдері

Сынып жетекшілердің есебі Оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Сауалнама нәтижелері Ата-аналармен пікір алмасу Баланың таңдауына қолдау көрсету Қазіргі сұраныстағы мамандықтар туралы пікір

Оқушылармен сұхбат

Қандай мамандық таңдады?

Неге сол мамандықты таңдады?

### **III. Қорытынды бөлім**

**Жүргізуші:** Құрметті қатысушылар!

Бүгінгі кеңесте көптеген маңызды мәселелер қаралды.

Әр оқушы өз болашағына жауапкершілікпен қарап, саналы таңдау жасауы тиіс.

### **Қабылданатын шешімдер:**

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту

Психологиялық тесттерді тұрақты өткізу

Ата-аналармен тығыз байланыс орнату

ЖОО және колледждермен кездесулер ұйымдастыру

**Жүргізуші:** Назарларыңызға рахмет! Кездескенше аман болыңыздар!

## **Тақырыбы: «Мұғалім – мәртебелі мамандық»**

**Мақсаты:** Оқушыларға ұстаз мамандығының қадір-қасиетін түсіндіру, мұғалімге деген құрметті арттыру

**Қатысушылар:** Жүргізуші, оқушылар, мұғалімдер, ардагер ұстаздар

### **I. Кіріспе бөлім**

**Жүргізуші:** Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар және оқушылар!

Бүгін біз «Мұғалім – мәртебелі мамандық» атты тәрбие сағатында бас қосып отырмыз.

Ұстаз – ұлы тұлға. Себебі ол – білім беріп қана қоймай, тәрбиелейді, бағыт береді.

### **II. Негізгі бөлім**

Өлең жолдары

**1-оқушы:** Ұстаз деген – жарық күні әлемнің,

Ұстаз деген – анасы ғой әр елдің.

Ұстазсыздың өмірі қараң ғой,

Ғылымсыздың күні қараң әлемнің.

Мұғалім туралы ой

**2-оқушы:** Мұғалім – жүрегі мейірімге толы жан.

Ол бізге әріп танытып, өмірге жол ашады.

Сондықтан ұстаз еңбегі әрқашан құрметке лайық.

**Көрініс** (шағын сахналық қойылым)

Тақырыбы: «Алғашқы ұстаз»

Оқушы мектепке алғаш келген сәті

Мұғалімнің қамқорлығы

Жылдар өте келе алғыс айту сәті

(қысқа диалогпен ойнауға болады)

Ән немесе би

«Ұстазым» тақырыбында ән

немесе

Шағын би қойылымы

ұстазға сөз беру

**Жүргізуші:** Құрметті ардагер ұстаз, сіздің еңбегіңіз – біз үшін үлкен үлгі. Сөз кезегін өзіңізге береміз. Оқушылардың тілектері **3-оқушы:** Ұстаздарымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз! **4-оқушы:** Сіздерге тек биік белестер мен алғысқа толы күндер тілейміз!

### **III. Қорытынды бөлім**

Жүргізуші: Ұстаз – ұлттың болашағын тәрбиелейтін қасиетті мамандық.

Әрбір шәкірт өз ұстазын құрметтеп, қадірлей білуі тиіс.

#### **Қорытынды:**

Барша ұстаздарға алғысымыз шексіз!

Мерекелеріңіз құтты



